

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ

ҚР ҚН 2.02-01-2014*
СН РК 2.02-01-2014*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2018

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ АТСЭ» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2018 жылғы 7 тамыздағы №175-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 29 августа 2018 года №175-НҚ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 МАҚСАТТАРЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ.....	4
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаттары	4
4.2 Функционалдық талаптары	4
5 НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР.....	5
6 ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТАЛАПТАРЫ.....	6
6.1 Құрылыс конструкцияларына қойылатын өртке қарсы талаптар	6
6.2 Кедергілерге қойылатын өртке қарсы талаптар.....	7
6.3 Ғимараттар мен имараттарға қойылатын өртке қарсы талаптар.....	8
6.4 Ғимараттардың элементтеріне қойылатын өртке қарсы талаптар	11
7 АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	13
7.1 Жалпы талаптар.....	13
7.2 Эвакуациялық және апаттық шығуға қойылатын талаптар.....	13
7.3 Эвакуациялық жолдарға қойылатын талаптар.....	14
7.4 Баспалдақтар мен баспалдақ торлары бойынша эвакуациялауға қойылатын талаптар.....	15
7.5 Лифтілер мен лифт шахтыларына қойылатын талаптар.....	16
8 АВТОМАТТЫ ӨРТ СӨНДІРУ, ДАБЫЛ БЕРУ ЖӘНЕ ӨРТ ТУРАЛЫ ҚҰЛАҚТАНДЫРУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ.....	17
8.1 Жобалауға қойылатын жалпы талаптар.....	17
8.2 Өрт туралы құлақтандыруға қойылатын жалпы талаптар	20

КІРІСПЕ

Осы құжат Қазақстан Республикасының құрылыс саласын аумақтық және әлемдік әлеуметтік экономикалық жүйеге кіруге бағытталған нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес келетін құрылыс саласындағы нормативтік негізін реформалау аясында орындалған.

ҚР ҚН «Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі» мыналардан тұрады:

- нормативтік талаптардың мақсаттары;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар.

Осы Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі» құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» және «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сөндіру дабыл беру жүйелерімен жабдықтау, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жөніндегі талаптар» техникалық регламенттерінің дәлелді базасының нормативтік құжаттарының бірі болып табылады және ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін реттейді.

Талаптарды әзірлеу кезінде бірқатар объектілерді жобалау, салу және пайдалану бойынша отандық және шетелдік нормативтік-әдістемелік материалдар зерделенді және талданды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ**

ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары ҚР ҚН «Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі» «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» және «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сөндіру дабыл беру жүйелерімен жабдықтау, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жөніндегі талаптар» техникалық регламенттердің нұсқауларын жүзеге асыру мақсатында әзірленген және ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін реттейді.

1.2 Қолданыстағы ғимараттардың немесе олардағы жеке үй-жайлардың функционалдық мақсатын өзгерту кезінде, сондай-ақ көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерді өзгерту кезінде осы ғимараттардың немесе үй-жайлардың жаңа мақсатына сәйкес осы құрылыс нормаларының өртке қарсы қорғау талаптары қолданылуы керек.

1.3 Осы мемлекеттік нормативтің талаптары функционалдық мақсатының ерекшеліктерін, сондай-ақ ғимараттардың, үй-жайлардың және инженерлік жүйелердің жекелеген түрлерін өрттен қорғау ерекшелігін ескеретін, өрт қауіпсіздігі саласындағы (салалық, арнайы) басқа да мемлекеттік нормативтер мен құжаттарда келтірілген баяндалған өртке қарсы талаптармен толықтырылады және нақтыланады.

1.4 Арнайы мақсаттағы (жарылғыш заттар мен жару құралдарын өндіру және сақтауға үшін, әскери мақсаттағы қолданылатын, атом электр станциялары мен басқа ядролық реакторлары бар объектілер, жерасты құрылыстары метрополитендер мен тау-кен қазбалары, өте күрделі және ерекше объектілер, өрт деполары) ғимараттарына б-бөлімде келтірілген талаптар қолданылмайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін келесі нормативтік актілер мен нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 2.02-01-2014*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 қаулысымен бекітілген «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 796 қаулысымен бекітілген «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сөндіру дабыл беру жүйелерімен жабдықтау, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жөніндегі талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1351 қаулысымен бекітілген «Басқа материалдардан жасалған конструкциялардың қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 1265 қаулысымен бекітілген «Ағаш конструкцияларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1355 қаулысымен бекітілген «Электроқондырғыларды орнату ережелері».

ҚР ҚН 1.01-01-2011 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер».

ҚР ҚН 1.02-03-2011 «Құрылысқа арналған жобалау құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту және құрамының тәртібі».

ҚР ҚН 2.01-01-2013 «Құрылыс конструкцияларын тот басудан қорғау».

ҚР ҚН 2.04-01-2011 «Табиғи және жасанды жарықтандыру».

ҚР ҚН 3.01-03-2011 «Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары».

ҚР ҚН 4.01-01-2011 «Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры мен кәрізі».

ҚР ҚН 4.02-01-2011 «Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу».

ҚР ҚН 4.04-07-2013 «Электр-техникалық құрылғылар».

ҚР ҚН 5.03-07-2013 «Күш түсетін және қоршау конструкциялары».

МЕМСТ 21130-75 «Электротехникалық бұйымдар. Жерге қосатын қысқыштар мен белгілері».

ЕСКЕРТПЕ Осы Мемлекеттік нормативті қолдану кезінде ағымдағы жылға жыл сайын шығарылатын ақпараттық тізбелер мен көрсеткіштер бойынша және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетеньдер мен көрсеткіштер бойынша сілтеме нормативтік құжаттардың қолданылуын тексерген жөн.

Осы Мемлекеттік нормативтерді жыл сайын басылатын ағымдағы жылда ақпараттық тізімдер мен бағдарламалар, ай сайын басылатын ақпараттық бюллетендер мен көрсеткіштерге сәйкес, ағымдағы жылы басылып шыққан сілтеме жасалған нормативтік құжаттардың қолданыста екендігін тексерген жөн.

Егер сілтемедегі құжаттар ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы Мемлекеттік нормативтерді қолданғанда ауыстырылған (өзгертілген) құжаттарды басшылыққа алу керек.

Егер сілтемедегі құжаттар өзгеріссіз күшін жойса, онда сілтеме жасалған талап осы сілтемені қамтымайтын бөлігінде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында ҚР ҚН 1.01-01 сәйкес көрсетілген терминдер, сонымен қатар қосымша анықтаулар қолданылады:

3.1 **Өрт:** Қоғам мен мемлекеттің мүддесіне, адамдардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіретін, материалдық шығын келтіретін басқарылмайтын жану процесі

3.2 **Апаттық шығу:** Эвакуация жолына, тікелей сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа алып баратын есік, люк немесе басқа шығар есіктер, олар адамдарды құтқару үшін қосымша шығар есіктер ретінде қолданылады.

3.3 **Жану:** Заттың тотығуының экзотермиялық реакциясы, кем дегенде үш фактор арқылы: жалынмен, жарықтанумен және түтін бөліп шығарумен анықталады

3.4 **Өрт қаупі:** Өрттің болу мүмкіндігі және (немесе) дамуы

3.5 **Ғимараттың өрт қаупі:** Өрттің болу мүмкіндігімен және күтілетін шығын мәнімен сипатталатын нысандардың күйі

3.6 **Оттан қорғау:** Арнайы өңдеу немесе жағу жолымен материалдардың және конструкциялардың өрт қаупін азайту.

3.7 **Отқа төзімділік:** Құрылыс материалдары мен конструкциялардың оттың таралуын азайта алу қабілеті, сонымен қатар өрттің жоғары температура жағдайында қажетті эксплуатациялық сапаларын сақтауы. Отқа төзімділік шектерімен с өнеркәсіптік ипатталады.

ЕСКЕРТПЕ Құрылыс материалдары мен конструкциялардың отқа төзімділік шегі стандарттық әдіспен оларды отпен сынау жолмен анықталады және стандартты өрттің конструкцияға әсері оның келесі күйінің шегіне жеткенінше уақытпен (сағатпен не минуттармен) есептеледі:

- салмақ көтере алатын мүмкіндігін жоғалтуы (күлауы не иілуі);
- жанбайтын беттің температурасының орташа 160 °С артуы немесе бастапқы температурамен салыстырғанда оның кез келген нүктесінде 190 °С артуы не конструкцияны сынағанға дейінгі температурасына тәуелсіз 220 °С артуы;
- конструкцияда жану мен жалынның өнімдері еніп кететін жырықтар мен тесіктердің пайда болуы;
- күш түспеген конструкцияның сынау кезінде критикалық температураға жетуі

3.8 **Өрттің қауіпті факторы:** Әсері адамның жаралануына, улануына немесе өліміне, сонымен қатар материалдық шығынға алып келетін өрт факторы;

ЕСКЕРТПЕ Өрттің қауіпті факторларына жатады: жалын мен ұшқын; қоршаған орта температурасының артуы; түтіндеуі; газ ортасының құрамының өзгеруі; жанудың улы өнімдері мен термиялық ыдыраулар; оттегінің мөлшерінің азаюы.

3.9 **Өрт көзі:** Өрттің бастапқа басталу орны.

3.10 **Өрт қауіпсіздігі:** Өрттен адамдардың, мүліктің, жекеменшіктің, қоғам мен мемлекеттің қорғану дәрежесі.

3.11 **Өрт жүктемесі:** Өрт кезінде бірлік ауданнан бөлмеге (ғимаратқа) бөлініп шығатын жылу мөлшері.

3.12 **Өрт қауіптілігі:** Өрттің пайда болу және (немесе) даму мүмкіндігі.

3.13 **Өрт бөліктері:** Бөлігі ғимараттар, выделяемая өртке қарсыыми тосқауылми (қабырғалармен, зонами, жабындарыми) с целью ограничения возможной ауданы өртті и қамтамасыз ету шарттарын үшін его ликвидации.

3.14 **Түтінге қарсы қорғау:** Адамдарға түтіннің, жоғары температураның және жанудың улы өнімдерінің әсерін болдырмауға бағытталған ұйымдастыру іс-шаралары мен

техникалық құралдар кешені.

3.15 Өртке қарсы кедергі: Нормаланған уақыт ішінде жанып жатқан үй-жайлармен шектес үй-жайларға өрттің қауіпті факторларының таралуын шектеуге арналған Конструкция (қабырға, аралық, жабынды) немесе көлемді элемент (тамбур-шлюз). Өртке қарсы есіктер (қақпалар, терезелер, люктер) өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтырғыштар бола алады.

3.16 Эвакуациялау (көшіру) жолы: адамдарды эвакуациялау кезінде қауіпсіз, эвакуациялық шығар есіктерге апаратын жол.

3.17 Өрт қауіпсіздігінің жүйесі: Өртті және одан болатын залалды болдырмауға бағытталған ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар кешені.

3.18 Өртке қарсы қорғау жүйелері: Адамдарға өрттің қауіпті факторларының әсерін болдырмау мен одан боатын материалдық шығын шамасын азайтуға бағытталған ұйымдық шаралар мен техникалық құралдардың жиыны.

3.19 Өрт қауіпсіздігінің талаптары: Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында, уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік актілерінде белгіленген әлеуметтік және (немесе) техникалық сипаттағы арнайы шарттары.

3.20 Эвакуациялық шығу: өрт кезінде қауіпсіз аймаққа апаратын шығу.

3.21 Өрт кезінде адамдарды эвакуациялау: Қауіпті өрт факторларының әсер ету мүмкіндігі бар аймақтан адамдардың мәжбүрлі қозғалуының үдерісі.

4 МАҚСАТТАРЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаттары

Осы нормативтік құжаттың мақсаттары жобалау, құрылысын салу мен пайдалану, қайта жөндеу, жөндеу мен функционалдық қолдануын өзгерту кезінде ғимараттар мен имараттарға қойылатын өртке қарсы талаптарды келтіру; ғимараттар мен имараттардың өрттен қорғау талаптарын оны қорғау мақсатындағы түрде айқындау; өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құралдар мен әдістеріне және тағы басқа талаптарын келтіру, ең басты бағыты ретінде өрт кезінде адамдардың қауіпсіздігін, олардың денсаулығы мен өмірін қорғауды, сонымен бірге материалды құндылықтарды аман алып қалуды қамтамасыз ету.

4.2 Функционалдық талаптар

Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, салу, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу кезінде отқа төзімділік талаптарына жауап беретін құрылыс материалдары және конструктивтік элементтер қолданылуы тиіс, көлемді-жоспарлау және конструктивтік шешімдер қабылдауы және максималды дәрежедегі жиынтықта өртпен адамдардың денсаулығына келтірілетін зиянды және материалдық құндылықтарға келтірілетін мүмкін зиянды азайтуға мүмкіндік беретін ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар және жану алаңын, қарқындылығын және ұзақтылығын шектейтін іс-шараларды ескеруі тиіс.

Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау кезінде, оларды салуда және пайдалануда мына функционалды талаптар қамтамасыз етілуі тиіс:

а) өрт кезінде қирау бүлінулерінсіз өрттің және басқа қауіпті факторлар ықпалдарының барлық түрлерін ұстап тұру үшін ғимараттар мен құрылыстардың механикалық беріктігі және төзімділігі;

б) объектінің өрт қауіпсіздігі – өртті болдырмау, жануды шектеу және өрттің және түтіннің таралуын болдырмау, түтінді жою қондырғыларының құрылғысы және отқа төзімділік шегі бойынша құрылыс конструкцияларының көтеруші қабілетін сақтау;

в) ғимараттар мен құрылыстар:

- конструктивтік-технологиялық шешімдерімен құрылыс конструкциясындағы, ғимараттар мен құрылыстардың материалдарындағы және элементтеріндегі мүмкін қауіпті бүлінулердің өсуін болдырмайтындай;

- эвакуациялық жолдарды, шығуларды, өрт бөліктерін, автоматты өрт сөндіру және сигнализация, өрт сөндірудің техникалық құралдарын және т.б. жобалай отырып, адамдарды эвакуациялауға арналған қауіпсіз және оңтайлы шарттар құрылатындай;

- өрт кезінде өрттің таралуын болдырмау және өртті сөндіру, сондай-ақ адамдарды және материалдық құндылықтарды құтқару үшін объектіге кіретін өту, жүру және кіру жолдарын жасай отырып, ғимараттар мен құрылыстарға өрт техникасының, техникалық, құтқару және медициналық қызметінің кедергісіз кіруін қамтамасыз ету қажет болатындай түрде жобалануы және салынуы тиіс.

5 НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

5.1 Өрт бола қалған жағдайда ғимараттарда конструктивтік, көлемді-жоспарлық және инженерлік-техникалық шешімдер қарастырылуы қажет, мыналарды қамтамасыз ететін:

- белгілі уақыт аралығында ғимараттардың талап етілетін дәрежесі бойынша отқа төзімділік шектерімен анықталатын олардың жалпы тұрақтылығы мен алғашқы өлшемдерінің өзгеріссіз қалуы;

- адамдардың өмірі мен денсаулығына өрттің қауіпті факторларынан әсерлері салдарынан болатын қауіптердің алдын ала мүмкіндігінше оларды жасы мен халінің күйіне қарамастан сыртқа ғимараттың жанындағы алаңшаға шығару;

- ғимараттардан адамдарды мүмкіндігінше құтқару, ал оқыс жағдайда олар отырған бөлмелерден алып шығу;

- мүмкіндігінше өртке қарсы бөлімнің жеке құрамын кіргізу және өртсөндіргіш құралдарды өрт көзіне жеткізу, сонымен қатар адамдар мен материалдық құндылықтарды құтқарудың шараларын қолдану;

- өрттің жағын орналасқан ғимараттарға таралуын болдырмау;

- тура не қосалқы материалдық шығындардың мүмкіндігінше максималды аз болуына шаралар қолдану, ғимараттың өзін де ескере отырып.

5.2 Ғимараттарды пайдаланған кезде жобалау құжатының құрамында ҚР ҚН 1.02-03-2011 «Құрылысқа арналған жобалау құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту және құрамының тәртібі» талаптарымен қоса өртке қарсы талаптарды орындауды қажет етуші бөлім қарастырылуы қажет.

5.3 Нысандардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелеріне талаптар, өртті

болдырмау, өртке қарсы қорғаныс шаралары Техникалық регламенттің «Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары» 3.1. Бөлімінде келтірілген.

5.4 Қала мен ауылдық тұратын жерлерді жобалаған кезде, қалақұрылыс қызметіне, ұйымдастыру-техникалық шаралардың жүйелеріне, қала мен ауылдық тұрғындар тұратын жерлердің аумағында ғимараттар мен имараттардың өртке қарсы ара қашықтық аралығына қойылатын өрт қауіпсіздігінің талаптары «Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптарының» Техникалық регламенттің 3.1 және 3.2 бөлімдерінде және «Ғимараттардың, имараттардың және жанындағы аумақтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» Техникалық регламентінде келтірілген.

5.5 Ғимараттар мен имараттарды жобалаған кезде өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары ғимараттардың, имараттардың және құрылымының құрылысын салғанда, ғимараттардың, имараттардың және өрт бөліктерінің отқа төзімділік шектері мен өрт қауіпсіздігі бойынша, ғимараттардың, имараттардың және өрт бөліктерінің ішінде өрттің таралуын шектеуге, эвакуациялық жолдарына, эвакуациялық және апаттық шығар есіктерге, өрттен құтқаруды қамтамасыз ететін бөлімдердің қызметіне қойылатын талаптары және құрылыс-құрастыру, отпен жұмыс істеудің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерінің құрамы мен функционалдық сипаттары «Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары» Техникалық регламенттің 3.3 Бөлімінде келтірілген.

5.6 Нысандарды пайдаланғанда және нысандарда өрт қауіпсіздігі шараларын ұйымдастыруды қамтамасыз ету мен мазмұны бойынша:

- тұрғын жерлер мен мекемелер аумақтарының;
- ғимараттардың, имараттардың және құрылымдардың;
- эвакуациялық жолдар мен шығар есіктердің;
- электр қондырғыларының ғимараттары, имараттары мен құрылымдардың;
- ғимараттары, имараттары мен құрылымдардың жылыту мен ауа алмастыру жүйелерінің;

- ғимараттары, имараттары мен құрылымдардың инженерлік жабдықтарының;
- өртке қарсы сумен қамтамасыз ету көздерінің;

- өрт техникаларын орналастыру мен күтудің өрт қауіпсіздігінің талаптары «Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары» Техникалық регламенттің 3.5 Бөлімінде және Қазақстан Республикасының «Өрт қауіпсіздігінің Ережелерінде» келтірілген.

5.7 Өндірістік нысандарға, өндіріс нысандарының бас жоспарларына және өндіріс нысандарының өрт тәуекелі үшін нормативтік мәндеріне қойылатын өрт қауіпсіздігінің талаптары «Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары» Техникалық регламенттің 3.5 Бөлімінде келтірілген.

*5.8 Параметрлік нормалау әдісін қолданған жағдайда, сондай-ақ техникалық регламенттерде, қолдануға міндетті нормативтік техникалық құжаттарда белгіленген өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес қорғау объектісінің талаптарға сәйкестігін растауға арналған жобалау нормативтері болмаған кезде жобалау шешімдері мынадай бір немесе бірнеше тәсілмен негізделген болуы тиіс:

1) зерттеу нәтижелері;

2) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген әдістерге сәйкес жүргізілетін есептеулер және (немесе) сынақтар;

3) қауіпті өрт факторларының пайда болуы мен дамуы үшін модельдеу сценарийлері;

4) өрт қауіпін бағалау *(Толықтырылды – ҚТҮКШК 07.08.2018 ж. №175-НҚ бұйрық).*

6 ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТАЛАПТАРЫ

6.1 Құрылыс конструкцияларына қойылатын өртке қарсы талаптар

6.1.1 Ғимараттар мен имараттарды жобалағанда және құрылысын салған кезде конструкциялардың, бөлмелердің, ғимараттардың элементтерінің және оның басқа бөліктерінің отқа төзімділігі мен өрт қауіпсіздігі өрт-техникалық классификациясының талаптарына сәйкес болуы қажет.

6.1.2 Өртке қарсы бөгеттердің өрттің қауіпті факторларының таралуын болдырмауы бойынша, сонымен қатар отқа төзімділігі бойынша нысанның қолдану мақсатына сай болуы қажет, бұл құрылыс конструкциялары мен осы бөгеттердегі ойықтарды толтыру үшін қажетті отқа төзімділігі мен өрт қауіпсіздігі классы бар материалдарды таңдау үшін қажет.

6.1.3 Құрылыс конструкциялардың отқа төзімділік шегі конструкцияның функционалдық қолданылуын ескере отырып уақыт бойынша (минуттармен) стандартты температуралық режимде отпен сынаудан бастап осы конструкция үшін бір не қатарынан бірнеше нормаланған отқа төзімділік шектік күйлерімен анықтайды.

Құрылыс конструкциялары үшін отқа төзімділік шегі мен олардың шартты белгіленуін ГОСТқа сәйкес анықтайды.

6.1.4 Қатайтудың түйіскен жерлерінің және құрылыс конструкциялардың өзара жанасулары аралығында отқа төзімділік шегі біріктірілген құрылыс конструкциялардың талап етілген ең аз отқа төзімділік шегінен аз болмауы қажет және біріктірілген құрылыс конструкциялардың отқа төзімділік шектерін бағалау аясында анықталады. Басқа конструкцияларға тіреу болатын конструкцияның R белгісі бойынша отқа төзімділік шегі тіректегі конструкцияның отқа төзімділік шектерінен аз болмауы қажет.

6.1.5 Құрылыс конструкциялары жанудың жасырын таралуына жол бермеуі қажет.

Ғимараттардың қабырғаларында, қалқандарда, жабындарда және жабуларда, сонымен қатар олардың түйіскен жерлерінде жанғыш материалдармен шектелген кеуектер қалдыруға болмайды, толық қима ауданы бар элементтермен бөлінген немесе саңлаусыз жанбайтын қалың материалдармен қапталған кеуектерден басқасы.

Осы талаптар сыртқы жылулық оқшауларға және ғимараттардың безендірулеріне таралмайды.

6.1.6 *(Алынып тасталды – ҚТҮКШК 07.08.2018 ж. №175-НҚ бұйрық).*

6.1.7 Құрылыс конструкциялардың отқа төзімділік шектері нормаланған кабелдермен, құбырлармен, ауа жолдарымен және басқа технологиялық жабдықтармен түйіскен жерлерінің отқа төзімділік шегі қиылысқан конструкциялардың берілген шегтерінен аз болмауы қажет.

6.1.8 Жабындарының и жабуларын отқа төзімділік шектерін арттыру үшін

қолданылатын ілінбелі төбелердің өрт қаупі бойынша шектері осы жабындар мен жабуларға қойылатын талаптарға сәйкес болуы қажет.

Ілінбелі төбелері мен фальшедендері бар бөлмелердің өртке қарсы қалқандары олардың арасындағы кеңістікті бөліп тұруы қажет.

Ілінбелі төбелері мен фальшедендер артындағы кеңістікте жанғыш газдар, шаң ауа қоспаларын, сұйықтар мен материалдарды тасымалдайтын каналдар мен құбырларды орналастыру рұқсат етілмейді.

Ілінбелі төбелері мен фальшедендерді А және Б категориялы бөлмелерде қолдану рұқсат етілмейді.

6.1.9 Эвакуация жолдары (жалпы коридор, холлдар, фойе, вестибюлдер, галереялар) еденнен жабындарға дейін қарастырылған қабырғалармен немесе қалқандармен ерекшеленуі қажет.

Осы қабырғалар мен қалқандар сыртқы қабырғалардың бітеу бөліктеріне жанасуы қажет және есіктермен, люктермен, жарық өткізетін конструкциялармен және тағы басқалармен толтырылмаған ашық ойықтары болмауы керек. Осы қабырғалар мен қалқандар инженерлік коммуникациялармен түйіскен жерлері НГ тобындағы материалдармен саңлаусыздануы қажет.

6.2 Кедергілерге қойылатын өртке қарсы талаптар

6.2.1 Ғимараттардың, имараттардың және өрт бөліктерінің шегінде өртке қарсы тосқауыл функциясын орындайтын құрылыс конструкцияларына өртке қарсы қабырғалар, қалқандар мен жабындар, өртке қарсы қорғаныштар, перделер мен экрандар жатады.

6.2.2 Өртке қарсы тосқауылдар отқа төзімділік пен өрт қаупімен сипатталады. Өртке қарсы тосқауылдар отқа төзімділігі олардың элементтерінің отқа төзімділігімен анықталады:

- қоршаулық бөліктерінің;
- тосқауылдардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін конструкциялардың;
- ол сүйенетін конструкциялардың;
- түйісе бекітілген жерлерінің және жанасулар конструкциялардың.

Өртке қарсы тосқауылдардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін конструкциялардың отқа төзімділік шегі, ол сүйенетін конструкциялардың, сонымен қатар конструкциялардың түйісе бекітілген жерлерінің өзара R белгісімен, ал түйіскен жерлерінің жанасулары EI белгісімен анықталатын, өртке қарсы тосқауылдардың отқа төзімділік шектерінен шектері аз болмауы қажет.

Өртке қарсы тосқауылдардың өрт қаупі оның тұрақтылығын қамтамасыз ететін конструкциялар мен түйісе бекітілген жерлері бар қоршаулық бөліктерінің өрт қаупімен анықталады.

6.2.3 Қалқандар, төбе жабындары мен и тамбур-шлюз жабындары өртке қарсы параметрлері бойынша «Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптар» Техникалық регламенттің 15 Қосымшасында келтірілген талаптарға сай болуы қажет.

6.2.4 Лифт шахталарының қоршауларын есептемегенде өртке қарсы тосқауылдардың ойықтарының жалпы ауданы олардың ауданының төрттен бір бөлігінен

аспауы қажет.

Егер ойықтарды толықтырушыларының отқа төзімділік шектерінің нормаланған мәндері өртке қарсы тосқауылдардың отқа төзімділік шектеріне сәйкес аз емес етіп қарастырылса, өртке қарсы тосқауылдардың ойықтарының жалпы ауданы нормаланбайды.

6.2.5 Сыртқы қабырғаларды ленталы әйнектелген жанғыш емес материалдардан салғанда өртке қарсы қабырғаларды әйнекпен бөлу қажет.

6.2.6 Өртке қарсы жабындар жанбайтын материалдардан саңылаусыз жасалған сыртқы қабырғаларға жанасуы қажет, және олардың отқа төзімділік шегі жанасушы қабырғаның отқа төзімділік шегінен кем болмауы қажет.

6.3 Ғимараттар мен имараттарға қойылатын өртке қарсы талаптар

6.3.1 Ғимараттар, имараттар, сонымен қатар өрт бөліктері отқа төзімділік шектерінің дәрежесі бойынша, конструктивтік кластары мен өрт қаупі функционалдығы бойынша бөлінеді.

6.3.2 Ғимараттардың салмақ түсетін элементтерінде кезенді алмастыру мүмкіндігін болдырмайтын немесе алмастыратын жерлерінде, сонымен қатар олардың күйін бақылауды болдырмайтын оттан қорғағыш жабуды және сіңірмені қолдану рұқсат етілмейді.

6.3.3 Ғимараттардың қоршау конструкцияларындағы ойық толтырушыларының (есіктер, қақпалар, терезелер мен люктер), сонымен қатар фонарларының, оның ішінде жоғары жақтағы, және басқа жабулардың жарық өткізетін бөліктерінің отқа төзімділік шегі мен өрт қауіптілік кластары нормаланбайды, «Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптар» Техникалық регламенттің 227 п. сәйкес өртке қарсы тосқауылдардың ойық толтырушыларына қатысты және ерекше жағдайлардан басқа.

6.3.4 Арнайы келісілген жағдайлардан басқа отқа төзімділік шектерінің барлық дәрежесіндегі ғимараттарда шатыр жабулары конструкцияларының отқа төзімділік шегі мен өрт қаупінің кластары нормаланбайды.

6.3.5 Ғимаратты өрт бөліктеріне бөлетін өртке қарсы қабырғаларды ғимараттардың немесе өртке қарсы 1-түрдегі жабындарының бар биіктігіне қалануы қажет және өрт көзі жағынан ғимараттар конструкциялардың құлауынан жанында орналасқан өрт бөліктеріне горизонтал бағытпен өрттің таралмауын қамтамасыз етуі қажет.

Өрт бөліктерін әр биіктікпен бөлгенде өртке қарсы бөлік ретінде ең биік қабырға алынуы қажет. Әртүрлі ені бар өрт бөліктерін бөлгенде өртке қарсы бөлік ретінде ең енді қабырға алынуы қажет.

6.3.6 Өрт техникалары өту үшін немесе өрт тікұшақтарының апаттық-құтқарушыларына арналған алаңшасын салу үшін қолданылатын ғимараттардың жабулар бөліктерінің отқа төзімділік шегі REI 60, өрт қаупі K0 класынан аз болмауы қажет.

Эвакуациялық шығар есіктерді қолданыстағы жабынды үстінде немесе жабындар бөлігінде арнайы жасақталған жерде орналастырғанда, адамдарды орналастыру үшін арналған жабындар бөлігі жанбайтын материалдардан жасалуы қажет.

6.3.7 Ғимараттар аралығында өтетін жерлердің белгілі дәрежедегі отқа төзімділік

шектері бар конструкциялардың отқа төзімділік шегі осындай дәрежедегі отқа төзімділік шектері бар ғимараттардың сәйкес конструкцияларына қойылатын талаптарына сәйкес болуы қажет.

Өтетін жермен қосылған ғимараттардың (корпустардың) отқа төзімділік шектері дәрежесі әртүрлі болғанда өтетін жерлер конструкцияның отқа төзімділік шектері ғимараттардың осы конструкцияларының артық дәрежесіне қойылатын талаптарына сәйкес болуы қажет. Өтетін жерлерді НГ материалдардан жасау қажет.

6.3.8 Ғимаратта өртке қарсы тосқауылдармен бөлінген функционалдық өрт қаупі әртүрлі бөліктер бар болса, сәйкес функционалдық өрт қаупі бар ғимараттарға қойылатын талаптарға әрбір осы бөлік өртке қарсы тұруымен сәйкес жауапты болуы қажет.

6.3.9 Құрылыс конструкциялары жанудың жасырын таралуына жол бермеуі қажет. Ғимараттардың қабырғаларында, қалқандарында, жабындарында және жабуларында және басқа қоршау конструкцияларында Г3 және Г4 тобындағы материалдармен оқшауланған бос жерлерден басқа тұйықталған кеңістіктер қарастыруға рұқсат етілмейді:

- жабындар мен жабулардың бүтін диафрагмалармен бөлінген ағаш конструкцияларында, сонымен қатар олардың ішкі қабырғаларының бойында;

- металл профилденген қаңылтыр аралығында және будан оқшаулағыш қабатының артында НГ, Г1, Г2 тобындағы материалдан жасалған жылытқыш орналасқан жағдайында будан оқшаулағыш қабатының аралығында.

Жылытқыш Г3 және Г4 тобындағы материалдардан жасалса (сонымен қатар будан оқшаулағыш қабатынсыз), бұл бос жерлер қаңылтыр шеттері бойымен НГ, Г1, Г2 тобындағы материалмен ұзынынан төрттен бір метрден кем емес толтырылуы қажет болуы;

- К0 тобындағы конструкциялардың аралығында және осы конструкцияларды бүтін диафрагмалармен бөліктерге бөлген жағдайында бөлмелердің жағынан олардың қаптамалары Г3 немесе Г4 тобындағы материалдардан жасалғанда;

6.3.10 Құрылыс конструкцияның бекітулері түйіскен жерлерінің, сонымен қатар жабындардың бекітулері түйіскен жерлерінің нормаланған отқа төзімділік шегі, R белгісі бойынша конструкцияның өзінің талап етілген отқа төзімділік шектерінен аз болмауы қажет.

6.3.11 Кеңістіксіз шатырларда төбесін брондалған қара қағазбен жабу қажет немесе тас қиыршықтарымен немесе нормаланған ауданы бар өртке қарсы белбеулерге бөлінген бөліктерден тұруы қажет.

Өртке қарсы белбеулер жанғыштығы Г3 немесе Г4 тобындағы материалдардан жасалған шатырлы жабуларын негізі астымен осы материалдардың барлық қалыңдығында қиып өтулері қажет (сонымен қатар жылуоқшаулағышты).

6.3.12 Конструкциялардың ашық беттеріне жағылған оттан қорғағыш құралдары конструкциялардың беттік қабаттарының материалдарына қойылатын талаптарына сәйкес болуы қажет және конструкцияның өрт қаупінен қорғануын арттыруы қажет.

Өрт кезінде оттан қорғағыш жабулардың көлемінің (қалыңдығы) артуы олардың бүлінуі деп есептелмейді.

Конструкциялардың отқа төзімділік шектерін арттыру үшін немесе өрт қаупі класын

азайту үшін кезеңді алмастыру немесе оттан қорғағыш жабулар мен жағуларды қалпына келтіру мүмкіндігін болдырмайтын жерлерде мұндай құралдарды қолдану рұқсат етілмейді.

6.3.13 Каналдар, шахталар мен коммуникациялар өтетін қуыстардың қоршау конструкциялары 1-түрдегі өртке қарсы қалқан мен 3-түрдегі жабындарға қойылатын талаптарға сәйкес болуы қажет.

6.3.14 Жертөле не цоколдық қабатта баспалдақтар өрт кезінде ауа жіберетін тамбур-шлюзі қондырылған 1-түрдегі өртке қарсы қалқанмен қоршалуы қажет.

6.3.15 2-го түрдегі баспалдақтар немесе эскалатор орналасқана бөлме оған жанасқан коридорлар мен басқа бөлмелерден 1-түрдегі өртке қарсы қалқанмен оқшаулануы қажет.

6.3.16 Отқа төзімділік шектерінің барлық дәрежесіндегі ғимараттарда (отқа төзімділік шектері V дәрежелі ғимараттардан басқасы) шатыр жабуларындағы итарқалары мен торлары оттан қорғағыш өңдеуден өтулері қажет.

6.3.17 Отқа төзімділік шектерінің барлық дәрежесіндегі ғимараттарда (отқа төзімділік шектері V дәрежелі ғимараттардан басқасы) облицовку внешних поверхностей сыртқы қабырғалардың сырт бетінің қаптамаларын жанғыш материалдардан жасауға рұқсат етілмейді.

6.3.18 Өртке қарсы су құбыры мен басқа тұрақты өртсөндіргіш құралдарды құру қажеттілігін ғимараттардың отқа төзімділік шектері дәрежесіне, конструктивтік және функционалдық өрт қаупіне, өрттен жарылыс қаупіне және өрт жүктемесі шамасының уақытқа тәуелділігінен қарастыру қажет.

6.3.19 Ғимараттардың өртке қарсы сумен қамтамасыз ету жүйелеріне өртке қарсы бөлімдер мен олардың қондырғылары үшін кепілді жетімділік қамтамасыз етілуі қажет.

6.4 Ғимараттардың элементтеріне қойылатын өртке қарсы талаптар

6.4.1 Түтін жойғыш жүйелерінде жоғарғы жарық фонарларын қолданғанда өрт жағдайында ашылуы үшін автоматтық, қашықтықтан және қолдан қосылатын желі болуы қажет, ал силикатты әйнек қолданғанда сонымен қатар астынан қорғаныш торы болуы қажет.

6.4.2 Өрт кезінде:

- лифтер автоматты түрде бірінші қабат түсуі қажет және тоқтатылып тасталуы қажет (өрт лифтерінен басқасы);

- эскалатор желісі ғимаратта қондырылған кез келген өрт дабыл бергіштердің автоматты түрде өшуі қажет, сонымен қатар өртке қарсы қорғау жүйелерінің (ӨҚЖ) орталық басқару пультінің (ОБП) сигналынан да.

6.4.3 *ОБП ӨҚЖ-дың қуат көзін 1 сенімділік санаты бойынша көздеген тиіс.

ОБП ӨҚЖ-ның 101 және 112 қызметімен телефон байланысы болуы тиіс (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 07.08.2018 ж. №175-НҚ бұйрық*).

6.4.4 Екі және одан артық қабаттары бар жертөлелер «Ғимараттарды, бөлмелерді және имараттарды автоматтық өртсөндіргіш жүйелермен және автоматты өрт дабыл бергіштермен, хабарлағыштармен жабдықтау және өрт кезінде адамдардың эвакуациясын басқару бойынша талаптар» техникалық регламентке және осы мемлекеттік нормативке сәйкес автоматтық өртсөндіргіш қондырғыларымен және басқа өртке қарсы қорғау құралдарымен қорғалған болуы қажет.

6.4.5 Отқа төзімділік шектері ерекше дәрежелі ғимараттарда:

- эвакуация жолдарындағы қонақ үй бөлмелерінің (апартаменттерінің, пәтерлерінің) шығар есіктерінде; төменгі жағынан басқа, жабылатын жерлерінде тығыздамалар болуы қажет, олардың отқа төзімділік шектері жарты сағаттан аз болмауы қажет;

- баспалдақ торларын есіктерінің бүтіндігін жоғалту белгісі бойынша отқа төзімділік шегі бір сағаттан аз болмауы қажет;

- коммуникациялық шахта есіктері (люктері) өртке төзімді орындалуы қажет, ал отқа төзімділік шегі сағаттың төрттен үш бөлігінен аз болмауы қажет.

- басқа жағдайда есіктердің отқа төзімділік шегі нормаланбайды.

6.4.6 Әдетті жағдайда эвакуация жолдарындағы айқара ашылмалы қалқандар ашық болуы қажет және және иметь: қолдан, автоматтық (түтіндік өрт дабыл бергіштерінен) және ӨҚЖ ОБПінен қашықтықтан жабылуы үшін, ойықтарда кедергімен жолыққанда қашықтықтан жабылуы үшін арналған автоматтық құрылғы арқылы ашылатын желісі, сонымен қатар өздігінен жабылатын есіктер болуы керек.

6.4.7 Отқа төзімділік шектері ерекше дәрежедегі ғимараттарда коммуникациялық шахталар мен саңылауларда орналасқан құбырлардың (сонымен қатар шаң жинағыштар мен қоқыс жойғыштар) отқа төзімділік шегі бір сағаттан аз болмауы қажет.

6.4.8 Ауаны желдеткіш жүйелері бар бөлмелердің (сонымен қатар қонақ үй номерлерінде) терезелерін ішкі аулаға қаратуға рұқсат етіледі.

Бұл кезде көрсетілген терезелердің отқа төзімділік шегі жарты сағаттан аз болмауы қажет немесе номерлер жағынан жоғары орналасқан автоматтық өртсөндіргіш жүйелермен қорғалған болуы қажет.

6.4.9 Эвакуация жолдарында қолдану шарттары бойынша кілттенетін есіктер орналастырғанда, оларда «антиүрей» түрдегі ілмек қарастырылуы қажет.

6.4.10 Эвакуациялық шығар есіктер деп жалпақ жабындыға шығар есіктер, сонымен қатар басқа баспалдақ торына өту мүмкіндігін беретін қолданылмайтын есіктер саналады.

Жанғыш кілем жабындары бар эвакуациялық жолдары трассасы бар еніне жанбайтын материалмен қорғалған болуы тиіс.

6.4.11 Түтінденбейтін баспалдақ торлары коридордың (ол бірнеше бөліктерден тұрса) бір ғана бөлігімен қатыспауы қажет.

6.4.12 Жерасты мен жерүсті қабаттарда технологиялық (функционалды) байланыс қамтамасыз ететін баспалдақ торлары мен лифт шахталарын жерүсті 3-қабаттан төмен жобалауға рұқсат етіледі, осы баспалдақ торларын эвакуация жолдарына есепке алмағанда. 2 және одан жоғары жерасты қабаттарында 2- немесе 3-түрдегі баспалдақ торлары түтінденбейтін болуы қажет, ал лифт шахталарына ауа келіп отыруы керек.

6.4.13 Көпфункционалды биік ғимараттарда лифт кабиналары жанбайтын материалдардан орындалуы қажет.

Бірінші қабатта өрт лифтісінің шығар есіктері тікелей далаға шығар есіктері бар вестибюлде орналасуы қажет.

6.4.14 Көпфункционалды ғимараттар мен кешендерінің ӨҚЖ құрамына кіруі қажет:

1) түтінге қарсы қорғау;

2) ішкі өртке қарсы су құбыры мен автоматты өртсөндіргіш;

- 3) өртке қарсы бөлімшелер үшін лифтер (өрт лифтері);
- 4) автоматты өрт дабыл бергіші;
- 5) өрт хабарлағышы мен адамдардың эвакуациясын басқару;
- 6) жеке және коллективтік қорғау мен адамдарды құтқару құралдары;
- 7) адамдарды дәл уақытында эвакуациялау мен оларды өрттің қауіпті факторларынан қорғалуын қамтамасыз ететін көлемдік-жоспарлық және техникалық шешімдер;
- 8) конструкциялар мен өңдеу материалдардарының отқа төзімділік шектері мен өрт қаупін уақыт бойынша анықтау;
- 9) от пен түтіннің таралуын азайтатын құрылғылар (өртке қарсы тосқауылдар, өртке қарсы бөліктер және т.б.).

6.4.15 Өртке қарсы қорғау жүйелерін (1, 2, 3, 4 и 5) басқару бір ӨҚЖ ОБП орындалуы қажет, олардың функциялары мыналар:

- өртке қарсы қорғау жүйелерін басқару;
- ӨҚЖ құрамына кірмейтін, өрт кезінде ғимарат қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысы бар жүйелерін басқару;
- адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен өртті жоюға жауапты барлық қызмет түрлерінің әрекеттерін үйлестіру.

ӨҚЖ ОБПін инженерлік қызметтің диспетчерлік саласымен біріктіруге рұқсат етілмейді.

ӨҚЖ ОБП орналасқан бөлмелердің қоршау конструкциясының отқа төзімділік шегі бір сағаттан аз болмауы қажет.

6.4.16 ӨҚЖ қолдану (жеке не бәрін кешенді) осы және қолданыстағы нормалармен тағайындалады.

7 АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Жалпы талаптар

7.1.1 Ғимараттардың барлық бөлмелерінің эвакуациялау жолдары, бөлмелердің өзінің еден жабуларынан басқа, таймайтын болуы қажет, ал баспалдақ алаңшаның конструкциялық элементтері сенімді бекітілген болуы қажет.

7.1.2 Бөлмелердегі және эвакуация жолдарындағы конструкциялардың беттік қабаттарының құрылыс материалдарының (өңдеу мен қабықшалар) отқа төзімділік шектер дәрежесі бөлмелердің сыртында бөлмелер мен ғимараттардың функционалдық арналуына тәуелділігіне байланысты қабылдануы қажет, 7.1.1 п. келтірілген эвакуация жолдарын қорғау шараларын ескере отырып.

7.1.3 А және Б категориясындағы Ф5 класты бөлмелерді бір мезгілде 50 адамнан артық келуі үшін арналған бөлмелер астына, сонымен қатар жертөле мен цоколдық қабаттарда орналастыру рұқсат етілмейді.

7.1.4 Ф1.1, Ф1.2, Ф1.3В класты бөлмелерді жертөле мен цоколдық қабаттарда орналастыру рұқсат етілмейді.

7.1.5 Нақты нысандар жағдайында адамдардың эвакуациясын ұйымдастыру мақсатында өрт туралы хабарлағыш жүйелердің қосылуы үшін өрт кезінде өртті сезгіш

